



|  |
|--|
|  |
|--|

|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|
|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|

|  |  |  |  |
|--|--|--|--|
|  |  |  |  |
|--|--|--|--|

**0532/01**

**May/June 2015**

**2 hours**

No Additional Materials are required.

Write your Centre number, candidate number and name on all the work you hand in.  
Write in dark blue or black pen.  
Do not use staples, paper clips, glue or correction fluid.  
**DO NOT WRITE IN ANY BARCODES.**

Answer **all** questions.

The number of marks is given in brackets [ ] at the end of each question or part question.

This document consists of **13** printed pages and **3** blank pages.

## 1-бөлімі

## 1-тапсырма, 1-5 сұрақтар.

Төмендегі мақаланы оқып, келесі беттегі сұрақтарға жауап беріңіз.

**Болашақтың бургері**

Тамызда әлемге зертханада өсірілген алғашқы гамбургер — «schmeat» таныстырылды.

Бұл керемет жаңалық дәл керекті уақытында табылды. Әлем халқы қарқынмен өсіп келеді және етке деген сұраныс та жылдан жылға артуда. Оған қоса адамдардың тағамға деген талғамы да өзгеріп келеді, сонымен қатар қызыл ет көп адамдардың күнделікті тамақтану тәртібіне еніп кетті. Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) Азық-түлік және Ауыл шаруашылығы Ұйымының болжамы бойынша, етке деген сұраныс келесі қырық жылдың ішінде 2/3 есе артады. Бірақ қазіргі ғаламдық ет өндірісі бұл сұранысты қанағаттандыра алмайды.

Маастрихт университетінің «schmeat» етін ойлап тапқан азық-түлік ғалымдары оның келесі он не жиырма жылда дүкендерге шығады деген болжам жасап отыр.

Келер жылдары өндірістік процесс жетілдіріліп, өнімнің бағасы түсетіндіктен, қарапайым халыққа қолжетімді болады.

Дегенмен ғалымдар тобының алдында әлі бір үлкен қиындық тұр. «Schmeat» өнімінің биологиялық жағынан жануарлардың етінен еш айырмашылығы болмағанымен, түрі өзгешелеу. Қазір бұл өнім ақ түсті және төбетті ашпайтындықтан адамдардың көбі оны дүкеннен таңдай қоймас.

«Schmeat» — ілгері жасалған үлкен қадам. Оның жақын болашақта әлем халқын тамақпен қамтамасыз ету көзі болуы әбден мүмкін.

- 1 Адамдардың етті жиі пайдалана бастағанының **екі** себебін көрсетіңіз.

.....  
.....[2]

- 2 Келесі қырық жылда адамдарға қажетті ет мөлшері қанша есеге өседі?

.....[1]

- 3 Қанша уақыттан кейін адамдар синтетикалық етті сатып ала алады?

.....[1]

- 4 Адамдар үшін өнімді арзандау қылатын не?

.....[1]

- 5 Қазір ғалымдар тобының алдында қандай басты қиындық тұр?

.....[1]

[Барлығы: 6]

**2-тапсырма, 6-сұрақ.**

Өзіңізді Әлияның орнына қойыңыз. Төмендегі мәліметке қарап, келесі беттегі арнайы парақшаны толтырыңыз.

Он жеті жасар Әлия Сәрсен — туған қаласы Теміртаудағы Абай атындағы орта мектебінің оныншы сынып оқушысы. Ол мектеп футбол командасында ойнайды. Оның бапкері Гүлмира апай командасына 2015 жылы 23-тамыз, жексенбі күні қоғамдық саябақ пен оның айналасындағы көшелерде өтетін арнайы қайырымдылық шара туралы хабарлады. Қайырымдылық шарасына сол күні көмектесе алатын дені сау, әрі белсенді еріктілер қажет. Әлия уақытты далада өткізуді жақсы көретіндіктен ерікті көмекші болуға шешім қабылдады. Ол саябақтың дәл қасындағы Абылайхан даңғылы, 21-үйде тұрады. Сол күні Әлия бос болатындықтан, қажет болса, төрттен сегіз сағатқа дейін жұмыс істей алады. Оған 87017330088 ұялы телефон нөмірі арқылы хабарласуға болады. Ұйымдастырушылар ынталы және топпен жұмыс істеуді ұнататын адамдарды іздеген еді. Олар төтенше жағдайда сабырлық сақтай алатын адамдарды қажет етеді, себебі адамдар жүгіріп бара жатып кейде түрлі күтпеген оқиғаларға тап болады. Әлия алғашқы жедел жәрдем беру дайындығын өткендіктен, ол жағынан өз күшіне сенімді бола алады.

Қайырымдылық шаралары  
Ерікті мектеп оқушыларына арналған арнайы парақша

«Жас Шахматшы» сайысына қатысу үшін толтырылатын үлгі.

**ШАРА МӘЛІМЕТТЕРІ**

Өткізілетін күні

*23 тамыз*

Өткізілетін қала

*Теміртау*

**ӨЗІҢІЗ ЖАЙЛЫ МӘЛІМЕТ**

Аты-жөніңіз

*Әлия Сәрсен*

Жасыңыз

*17*

Мекен-жайыңыз

Телефон нөмірі

**МЕКТЕП ТУРАЛЫ**

Мектеп аты

Мектептегі байланыс тұлға

**ӨЗІҢІЗ ТУРАЛЫ**

Күніне қанша сағат жұмыс істей аласыз?

Жақсы ерікті көмекші екеніңізді дәлелдейтін екі қасиетіңіз

[Барлығы: 7]

### 3-тапсырма, 7-9 сұрақтар.

Төменде берілген өмірде жетістікке жету жолы туралы мақаланы оқып шығып, келесі беттегі тапсырманы орындаңыз.

#### **Ойлағаннан артық жетістікке жетуге болады!**

Өміріңізде барлық нәрсені ойлау арқылы бақылай алатын үлкен мүмкіндік болады. Жұмысыңызға деген жеке қатынасыңыздан бастап, жеке өзіңіздің және басқа адамдардың сіздің қаншалықты табысты және қабілетті екеніңізді аңғаруы барлық нәрсеге қатты әсер етеді. «Болжам шегі» деп білінетін бұл түсінік – қабілетіңіз бен жетістігіңіздің шегіне деген өз болжамыңыз. Адамдар әдетте бұл шектің шынайылығына мән бермейді, ешқандай тәуекелге бел бумай, жайғасқан жайлы орындарында отыра береді. Көп адамдарды тәуекелге барудан сәтсіздік қорқынышы мен сенімсіздік тежейді.

Расында психологтардың айтуы бойынша, жиырма сегізден асқанда, көп адамдардың жеке қасиеттері қалыптасып, кейін оларды өзгерту қиынға түседі. Бірақ өмірге басқа көзқараспен қарап, «Болжам шегінен» асып көру қадамы еш уақытта кеш болмайды. Жаңа әдетке бейімделу үшін адамдар күтпеген жағдайды басынан өткеріп көруі қажет. Жай ғана жаңа спорт түрімен жаттығып немесе жаңа тіл үйреніп көруге болады. Бұлар әдеттен тыс жағдайлар емес пе? Өзің белгілеп қойған «Болжам шегінен» асып, өмірде көбірек жетістікке жетуге тырысып көрудің маңызы зор.

Өзіміз туралы пікірімізді өзгертудің бірнеше пайдалы тәсілі бар. Ең қарапайымы — көз алдыңызға елестетіп көру. Қауымның алдында тамаша презентация жасау мақсатына жету үшін, өзіңізді нақты сол уақытта және нақты сол жерде елестетіп көріңіз. Басқасы — күтетін болжамыңызды біртіндеп, сатылай арттыру. Баспалдақтың төменгі басқышынан аттағаннан кейін, одан кейінгі басқышта келесі мақсатты көресіз. Сонда өміріміздегі үлкен қиындықтар тезірек шешіліп, тәуекелдер сондай қорқынышты болып көрінбейді. Мұның бәрі басқалардың біз жайлы пікірін де өзгертеді.

Сыныптастарыңызға өмірде жетістікке жету туралы презентация жасауыңыз керек.  
Презентацияда осы мақаладағы мәліметті қолданыңыз.

Презентацияның жоспарын жасау үшін төмендегі **тақырыптардың астындағы әр жолға қысқаша ескертпе жазыңыз.**

**7 «Болжам шегі» және оның адамдарға деген ықпалы**

- .....[1]
- .....[1]

**8 Адамдар қиыншылықты жеңу үшін не істеу керек?**

- .....[1]
- .....[1]

**9 Өзіміз туралы пікірімізді өзгертудің жолдары және нәтижелері**

- .....[1]
- .....[1]
- .....[1]

[Барлығы: 7]

#### 4-тапсырма, 10-сұрақ.

Төменде берілген сенсорлық экран дисплейлерінің жаңа технологиясы туралы мақаланы оқып шығыңыз. келесі бетте жаңа технологияның жұмысын сипаттап, оның күшті және әлсіз жақтарына талдау жасап, қысқаша шығарма жазыңыз.

Шығарма шамамен 100 сөзден тұруы керек. Мүмкіндігінше өз сөзіңізді қолданыңыз.

Шығарманың мазмұны үшін 6, стиль мен тіл орамы үшін 4 балға дейін беріледі.

#### Сенсорлық экран дисплейлері

Бүгінгі таңда сенсорлық экран дисплейлері өндірісте және тұрмыста жиі кездеседі. Мысалы, жаңа құжат ашу үшін, не болмаса келесі көретін фильмді таңдау үшін компьютердің бөлек пернетақтасын қолданбай алдымызда тұрған экранды түрте саламыз. Бүгінгі күнге дейін тегіс экрандарды ғана түртетінбіз, енді жақын арада түйсігімізді өзгертетін жаңа технология шықпақ.

Disney Research ойлап тапқан TeslaTouch — кинокомпания мен түрлі ғылыми зертханалардың ынтымақтастығы негізінде пайда болған туынды. Бұл технология шыны бетінде түзілген бедерді сезіп, экрандағы суретті емес, қолмен бір шынайы затты ұстағандай сезім береді.

Бұл технологияның жұмыс принципі одан бетер қызық. Ол электр діріліне негізделген. Шыныға дисплей арқылы оның астындағы электродтармен ұсақ діріл толқындары жіберіледі. Бұл толқындар миды алдап, бедерлі бетті ұстағандай сезім береді. Кедір-бұдырлардың барлығы сезіледі.

Электр дірілдерін қолданғанымен, жүйе толықтай қауіпсіз. Себебі электр тогы экрандағы саусақ арқылы өтпейді. Дегенмен әлі біраз мәселелер бар. Саусақ пен экран арасындағы үйкеліске негізделгендіктен, технология бедер сезімін саусақ қозғалып тұрғанда ғана береді. Сондай-ақ бедер экран дисплей бетінің барлық жеріне қолданылатындықтан, бір түрту арқылы бір сезім алу мүмкіндігі бар.

TeslaTouch технологиясы болашақта көптеген білім салалары үшін маңызды құрал бола алатын еді. Мысалы, салынған суреттің нақты бедерін сезген қандай тамаша. Дегенмен, Disney Research компаниясының зерттеу инженері Доктор Али Исрардың атап отырған ең маңызды қолданылу аясы — зағип адамдарға арналған көмекші құрылғылары. Технология қымбат тұрмайтындықтан, қабілеттері шектеулі көп адамдардың өмірін жеңілдете алады.





## 2-бөлім

## 5-тапсырма, 11-16 сұрақтар.

Төмендегі мақаланы оқып, келесі беттегі сұрақтарға жауап беріңіз.

**Балалардың өмірін жақсарту жолы**

Кәмилә Бекболат — ашық-жарқын, шабыттандыратын қасиетке ие әйел, жиырма жылдық тәжірибесі бар психотерапевт. Жас кезінен тұрмысы нашар балаларға қамқор болуды армандайтын. Отыз жасы шамасында Кәмилә Алматыда Балалар Әлемі компаниясының негізін салды.

Балаларды бірінші орынға қоя отырып, Балалар Әлемі компаниясы қала ішіндегі мұқтаж болған балаларға қызмет көрсету ісінің бірегей әрі жаңашыл тәсілін қалыптастыруда үлкен жетістікке жетті. Ол Алматының 16 мың баласына тәжірибелік, эмоционалдық және білім жағынан қолдау көрсетеді.

Қайырымдылық қорының қызметкерлері-көше деңгейінде жұмыс істейтін біліктілігі жоғары мамандар. Компания дәстүрлі тәсілдерден өзгеше, әр балаға айрықша «құшақ жаяр» көмегін көрсетіп, барлық мәселелерді бір топ мамандармен бір жерде шешуге тырысады. Бұл айрықша көп бағытты тәсіл денсаулық, тұрмыс, көңіл-күй, рухани денсаулық, өнер, спорт, жастарға деген әділеттілік, білім және жұмыс салаларын қамтиды.

8 мың баламен белсенді жұмыс істей отырып, Балалар Әлемі компаниясы әр бүлдіршінге отбасылық қамқорлық көрсетеді. Мұны ең алдымен жасөспірімдерге тұрақтылық пен тыныштық сезімін сезу, содан кейін олардың дарындылықтары мен қызығушылықтарын анықтап, болашаққа деген ұмтылысын дамытуларына көмек жасайды.

Жыл сайын онда 5 мыңдай ерікті адам жұмыс істейді, олардың ішінде: өнер адамдары, актерлер, диетологтар, психотерапевттер, спорт мамандары, тележүргізушілер мен басқа да түрлі мамандар бар. Оларды қоспағанда, Балалар Әлемі компаниясында 300 қызметкер жалақы алады. Олардың ұлттары әртүрлі, 10-нан аса тілде сөйлей алады.

Кәмилә өзі аса батыл әрі қайсар мінезді балаларды анықтап, солармен жұмыс істеуді өмірінің мәні деп біледі. Балаларды мақтан тұтатыны анық байқалады. «Балаларымыз университетті бітіргенде, қатты қуанамын. Бұл неше жылдық қажырлы еңбектің нәтижесі екенін түсінемін. Олардың көбі көшеде қаңғырып жүрді. Үздік бағамен бітіріп шыққанда қуанышым қойныма сыймай кетеді».

- 11** Кәмілә өзінің болашақ еңбек жолын қашан таңдады?  
.....[1]
- 12** Балалар Әлемі компаниясындағы мамандардың мәселені шешудегі ерекшелігі неде?  
.....[1]
- 13** Балаларға болашағы жайында ойлануы үшін қандай көмек көрсетіледі?  
.....[1]
- 14** Балалар Әлемі компаниясында неге еріктілердің сондай кең қауымы істейтінін түсіндіріңіз.  
.....  
.....[2]
- 15** Неліктен Кәмілә Балалар Әлемі компаниясы қамқорлыққа алған жасөспірімдерді мақтан тұтады?  
.....  
.....[2]
- 16** Компанияның пайдасы жайлы өз сөзіңізбен қысқаша шығарма жазыңыз.  
.....  
.....  
.....[3]

[Барлығы: 10]

**6-тапсырма, 17-сұрақ.**

Колледждегі спорт клубының мүшесісіз. Сізге студенттер клубына арналған жылдық журналына мақала жазу тапсырмасы берілді.

Мақалаңызда оқырмандарға клубтың өткен жылдағы жетістіктері мен келесі жылға арналған жоспарлары жайлы айтып беруіңіз керек.

Төмендегі тұспалдар көмектесуі мүмкін, бірақ өз ойларыңызды еркін түрде пайдалануыңызға рұқсат.

Мақалаңыз 150–200 сөзден тұруы керек.

Өткен жылғы жетістіктер

Жарыстағы ұтыс!

Халыққа арналған спорт шарасы

Басқа колледж клубында қонақ болу

Келесі жыл жоспары

*Жаңа клуб бөлмесі*

*Жаңа клуб мүшелері*

*Жаңа жарыстарда жеңіске жету!*

0532/01/M/J/15





**BLANK PAGE**

---

Permission to reproduce items where third-party owned material protected by copyright is included has been sought and cleared where possible. Every reasonable effort has been made by the publisher (UCLES) to trace copyright holders, but if any items requiring clearance have unwittingly been included, the publisher will be pleased to make amends at the earliest possible opportunity.

To avoid the issue of disclosure of answer-related information to candidates, all copyright acknowledgements are reproduced online in the Cambridge International Examinations Copyright Acknowledgements Booklet. This is produced for each series of examinations and is freely available to download at [www.cie.org.uk](http://www.cie.org.uk) after the live examination series.

Cambridge International Examinations is part of the Cambridge Assessment Group. Cambridge Assessment is the brand name of University of Cambridge Local Examinations Syndicate (UCLES), which is itself a department of the University of Cambridge.